



3 октября в актовом зале ЗКГУ им. М.Утемисова прошла встреча студентов и преподавателей трех ведущих вузов Уралья с ответственным секретарем МОН РК Галимовой Алией Кайратовной.

Встречу предварила краткая экскурсия по ЗКГУ с презентацией основных направлений работы вуза – научной, стратегического развития, инновационных технологий и др.

О важности мнения «глубинки»

Целью приезда было разъяснение выполнения пунктов Стратегии Казахстан-2050, касающиеся образования в Республике Казахстан.

Открывая встречу, заместитель акима ЗКО Б.М.Макен рассказал о немалой работе, проводимой в ЗКО по внедрению реформ в образовании. «Претворение в жизнь пунктов Послания – это цель для всего народа», – сказал Бахтияр Макенулы.

А.К.Галимова кратко осветила семь приоритетных направлений по успешной реализации государственной программы форсированного инновационного развития, обратив внимание на создание двух кластеров: Назарбаев университет и парк инновационных технологий «Алатау». «Перед страной поставлена высокая, но вполне выполнимая цель: войти в топ 100 наиболее развитых стран мира», – заявила А.К.Галимова.

Высокоразвитая сфера образования – гарант процветающего государства, его независимости и весомой роли в мировой экономике и политике.

Сейчас наблюдается качественный рывок в подготовке кадров.

–В стране работают 424 тысячи педагогов. Треть населения страны задействована в сфере образования. Это учащиеся, преподаватели, сотрудники учебных и образовательных заведений. Перед нами стоит задача 100% охвата дошкольного образования, которая возможна при реализации программы «Балапан». В настоящее время охват детей дошкольного возраста составляет 71,5%. Эта программа осуществляется согласно государственному образовательному социальному заказу и финансируется из республиканского бюджета. Второй немаловажной задачей является новое качество дошкольного образования, – отметила А.К.Галимова.

В сфере среднего образования – растет число Назарбаев школ. Осваивается принципиально новая система повышения квалификации учителей, что влечет за собой как рост уровня знаний, так и заработной платы, что является одним из способов стимулирования труда. В настоящее время идет внедрение элементов этой модели.

В шести областях используется подушевое финансирование образования. Продолжается модернизация школ, создается карта аварийности, ликвидируются 3-сменность.

–Мы развиваем сеть интеллектуальных школ и профессионально-технических колледжей мирового уровня. Начиная с этого учебного года создается модель инженерного образования. В национальной системе квалификации будут принимать участие работодатели, будут учтены их требования к будущим специалистам.

Пересмотрена структура вузовского образования. Начиная с текущего года вводится ускоренное развитие, привлечение к научной деятельности студентов. Идет создание научно-исследовательских подразделений. В Астане создан современный научно-исследовательский университет, работающий по международным стандартам.

Уникальная программа «Болашак», принятая в 1993 году, продолжает свою работу. В настоящее время пересмотрен механизм программы. Получить консультации и гранты на обучение теперь можно через ЦОНЫ. Определена четкая цепочка: «Болашак» – студент – работодатель.

Вводится дистанционное образование.

Для успешного развития высшего образования необходимо прекращение устаревших, невостребованных образовательных программ и специальностей. Выстроена молодежная политика. Разработан законопроект «О государственной молодежной политике». Повышается роль молодежи в осуществлении государственных программ. Перед высшим образованием стоит ряд задач, в числе которых содействие в продвижении государственного и частного партнерства, привлечение инвестиций, расширение сотрудничества с предприятиями, производящими инновационную продукцию, развитие вузов как инновационные центры. Важным является участие в различных обменных программах с соседями.

В целях формирования казахстанской гражданственности идет реализация программы «Народ в потоке истории». Программа направлена на создание условий для качественного скачка исторической науки Казахстана на базе передовой методологии и методики, расширение горизонтов национальной истории казахов, формирование нового исторического мировоззрения.

В завершение встречи А.К.Галимова ответила на вопросы из зала.

В частности, Г.С.Кайсағалиева, директор Департамента по академическим вопросам и Болонскому процессу ЗКГУ, задала вопрос об автономности вузов. Как сказала ответсекретарь



МОН РК А.К.Галимова, прежде всего автономность – не есть анархия. Разработаны принципы автономности вузов, под которой понимается самостоятельность в осуществлении образовательной, научной, финансовой, международной и иной деятельности, на основе модели «Назарбаев Университета». Государственные вузы станут автономными некоммерческими организациями. Одновременно планируется создать попечительские советы, которым будут подотчетны вузы, а также механизмы прозрачности деятельности высших учебных заведений. Для государственных вузов будет усовершенствован механизм назначения ректоров.

Завершая встречу, она отметила, что целью для нее было услышать мнения, возможные предложения, что называется, «из глубинки», высоко оценила успехи нашего университета и поблагодарила за радушный прием.

М.ДЖУМАГАЛИЕВА

Өзге тілдің бәрін біл,
өз тіліңді құрметте!

2 бет

«Нұр Отан» Нұрлы
болашақ жолында

3 бет

Один народ – одна страна – одна судьба:
Ассамблея народа Казахстана в политической
жизни страны

4 стр.

ТАНЫС БОЛЫҢЫЗДАР!

9 бет

Пожари
улыбке
миру



10 стр.

Трое победителей из ЗКТУ

Трое студентов ЗКГУ им. М.Утемисова стали стипендиатами Фонда Первого Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева.

11 октября в зале Алматинского филиала Фонда Первого Президента состоялось награждение победителей республиканского конкурса на соискание студенческих стипендий Фонда Первого Президента Республики Казахстан – Лидера Нации. Всего собралось 80 студентов, магистрантов и интернов – молодежь с высокой успеваемостью, активно участвующие в общественной, научно-исследовательской, культурно-профессиональной и практической деятельности, подтвердившие свои успехи докладами, публикациями, выступлениями и победами в олимпиадах и творческих соревнованиях. В их числе наши студенты Жансултан Нурмуханов (4 курс, факультет истории и права), Раушан Сарбалиева (3 курс, педагогический факультет) и Асемгуль Тресова (3 курс, факультет экономики и управления).

«Мы были единственными представителями всего Западного региона нашей страны!» – не без гордости заявили ребята.

В церемонии награждения принял участие заместитель директора Фонда А.Т.Нураханов. По окончании официальной части в честь обладателей стипендии был дан концерт.



–Я впервые побывал в культурной столице Алматы. Город оставил незабываемое впечатление. Красиво. Побывали с ребятами в Коктобе. А еще обрели новые знакомства, – поделился впечатлениями немногословный Жансултан.

Стипендия Фонда – это не только материальное поощрение лучших, но и знак целеустремленности, пылкости ума и разносторонности интересов обладателей стипендии.

2013 жылдың 27-қыркүйегінде Жаратылыстану-география факультетінде биология және экология кафедрасының ұйымдастыруымен және университет ректоратының қолдауымен «Иванов оқулары» ғылыми-тәжірибелік конференциясы өтті.

«Иванов оқулары-2013»

Конференция жұмысына университет ғалымдары, ардагер-ұстаздар, облыстық биологиялық-экологиялық орталығының мамандары, Орал ауылшаруашылық тәжірибе станциясының ғалымдары «Биология», «Экология» мамандықтарының магистранттары және студенттері қатысты. Конференция отырысын Жаратылыстану-география факультетінің деканы х.ғ.к., доцент А.Б.Ниязбекова ашты. Сөз кезегін алған Ғылым және коммерцияландыру департаментінің директоры Э.Ж.Имашев барлық қатысушыларды конференцияның ашылуымен құттықтап, сәттілік тіледі.

Конференция жұмысында б.ғ.к., профессор М.М.Фартушина, б.ғ.д., профессор Т.Е.Дарбаева, а.ш.ғ.к. С.Г.Чекалин, магистр Н.А.Хрысева, магистранттар Ж.Калиева, К.Удреева баяндамалар жасады.

Конференция барысында б.ғ.д., профессор В.В.Ивановтың өмірі мен еңбек жолы туралы сөз қозғалып, естеліктер айтылды. Ғалымдардың көтерген мәселелері сан қырлы. Профессор Т.Е.Дарбаева, магистранттар Ж.Калиева, К.Удреева Батыс Қазақстан облысы, Жайық өзені бойындағы жайылма ормандардың трансформациясы, қазіргі экологиялық жағдайы туралы кеңінен мағлұмат беріп, мәліметтер келтірді. А.ш.ғ.к. С.Г. Чекалин көпжылдық шөптесін өсімдіктердің топырақ қабатын биологияландырудағы рөліне тоқталып өтсе, магистр Н.А.Хрысева топырақ жамылғысының антропогендік әсерлерге тұрақтылығын бағалау турасында сөз қозғады.

Сондай-ақ конференция соңында ардагер-ұстаз Г.М.Мулдашева, география кафедрасының меңгерушісі г.ғ.к. В.И.Амельченко, х.ғ.к., доцент Н.К. Череватова сөз алып, профессор В.В. Ивановтың өмірі мен еңбек жолы туралы толық мағлұматтар беріп, конференция жұмысына белсене қатысушыларға алғыстарын білдірді.

Конференция қорытындысы бойынша осындай ғылыми-тәжірибелік конференцияларды жылда өткізу және мұндай шараларға оқушыларды, студенттер мен магистранттарды



көптеп тарту, конференцияның географиялық аумағын кеңейту, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу үрдісінде пайдалану, конференция материалдарын БҚМУ әбашарысына басаға беру туралы қаулы қабылданды.

С.А. КАЖИАХМЕТОВ,
биология және экология кафедрасы меңгерушісінің м.а.

Ақылбек Сансызбайұлының шеберлік класы



М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Қазақстанға кеңінен танымал тележурналист Ақылбек Сансызбайұлы қазақ филологиясы кафедрасының оқытушылары мен қазақ тілі мен әдебиеті, филология: қазақ тілі мамандықтары студенттерінің алдында шеберлік класын өткізді.

Шараны ашқан қазақ филологиясы кафедрасының меңгерушісі Зейнолла Жақсылықұлы телеарна, радиоларда қызмет істеуге қызығушылық білдіріп, құлшыныс танытатындар үшін, болашақ журналистер үшін кездесудің маңызы зор екенін баса айтты және Ақылбек Сансызбайұлы туралы қысқаша мәлімет беріп өтті.

Белгілі тележурналист, продюсер Ақылбек Сансызбайұлы Ақжайық өңіріндегі тарихи қала - Орал шаһарындағы бұл жүздесу үшін қуанышты екенін жеткізе отырып, бұл сапардың себебі - көзі ашық, көкірегі ояу, өнерді бағалап, қадірлей білетін жұртшылыққа қазақ өнерін насихаттап жүрген неміс қызы – Анна Вундерді таныстыру және қазіргі филология мен журналистиканың өзекті мәселелері жөнінде ой бөлісу болатын, -дейді.

«Өнуарбек Қожантаев секілді адамдардың көзін көріп, тәжірибе

жинақтадым, 1994-1995жж. телеарналарда үлкен бетбұрыс, өзгерістер болды.1995 жылы қазанда Хабар арнасы бойынша «Жеті күн» бағдарламасын жүргіздім, редактор, режиссер болып қызмет жасадым», -деп еңбек жолынан қысқаша сыр шертіп, кейбір қызықты жайттарды есіне түсірді. Студенттердің сұрақтарына жауап бере отырып, тележүргізуші болу үшін, жан-жақты дайындықтың керек екендігін, кез-келген сұрақ бойынша шебер жауап бере білу, көркем сөйлеу қажеттігін және ұлтжанды болу керектігін баса айтты.

Шеберлік класының тыңдаушылары белгілі тележүргізушінің бағалы ақыл-кеңестері мен ұсыныстарына ризашылық сезімдерін білдірді.

Бұл шарадан кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, академик Асхат Сәлімұлы Иманғалиевтің қолдауымен университеттің акт залында ҚР мәдениет қайраткері, эстрадалық өндердің шебер орындаушысы, неміс қызы – Анна Вундердің концерті өткізілді. Репертуарында қазақ, орыс, шетел композиторларының шығармалары бар өңшіні студенттер ыстық ықыласпен қарсы алды.

Бұл өнер кеші қазақ тілінің мәртебесін асқақтатып, Қазақстан халықтарының достығы мен ынтымақтастығын жақындастыра түскендей болды.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!

Қыркүйек айының 23-28 күндері университетімізде тілдерді оқытудың практикалық курсы кафедрасының ұйымдастыруымен «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» атты тілдер апталығы болып өтті. Маңызы зор шараның ойдағыдай өтуіне қазақ, орыс және ағылшын тілі оқытушылары атсалысты.

Тілдер апталығының алғашқы күнгі ашылу салтанатына халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының БҚО филиалының төрағасы, БҚО әкімдігінің «Мемлекеттік қызметкерлерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және мемлекеттік тілді оқыту орталығының» мемлекеттік тілді оқыту әдістеме бөлімінің басшысы Б.Қ. Жексенғалиев, Тіл басқармасының бөлім басшысы Ж.Т. Ерназаров, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, «Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының директоры А.С. Қыдыршаев, филология факультетінің деканы Қ.Т.Утегенова, кафедра меңгерушілері, университеттің оқытушылары және 1-курс студенттері қатысты.

Тілдерді оқытудың практикалық курсы кафедрасы меңгерушісінің міндетін атқарушы, п.ғ.к., доцент Дина Жақсығалиқызы Құсайынованың «Қазақстанда тілдерді қолдану мен дамытудың қазіргі жағдайы» тақырыбындағы баяндамасымен басталған отырыста еліміздегі түрлі халықтардың басын біріктіріп отырған тілдер жайында, оның ішінде мемлекеттік тіл мәртебесі болғанына қарамастан, қоғамда қағажу көріп жүрген қазақ тілі жайында біраз өткір ойлар, құнды пікірлер айтылды. Тіл басқармасының бөлім басшысы Ж.Т.Ерназаровтың «Батыс Қазақстан облысындағы жүргізіліп жатқан мемлекеттік тіл саясаты» атты баяндамасында біздің өңіріміздегі мемлекеттік тіл саясатының орындалуына байланысты өткізіліп жатқан іс-шаралар туралы айтылды.

Тіл мәселесін көтерген жиындарда үнемі жалаң ұранмен емес, жанашыр ойларымен ойлантып тастайтын Б.Жексенғалиевтің айтқан пікірі бұл жолы да тыңдаушыларын ұйытып тастады.

Студенттер атынан сөз алған физика мамандығының 4-курс студенті Александр Козлов қазақ тілін өзінің жетік білетінін және қазақ тілін қазақтарға үйретіп жүргенін айтып, өзі сияқты студент жастарды уақыттарын тиімді пайдаланып, күш-жігері мол уақытта бірнеше тіл үйренуге шақырды.

Апталық аясында өткізілген «Тілім менің» зияткерлік ойыны, «Тілдерді меңгерейік» тақырыбындағы шеберлік сағаты,



“Polyglots’ Competition” (полиглоттар байқауы), «Өлең, мен сені аялап өтем!» атты қазақ және орыс тілдеріндегі мәнерлеп оқу сайыстарына студенттер жоғары дайындықпен келіп, үлкен қызығушылықпен қатысты.

Апталық жұма күні қорытындыланып, белсенділік танытқан студенттер мен оқытушыларға алғыс хаттар табыс етілді.

«Игі істің басы – тіл, тәрбие басы –тіл» дейтін болсақ, шынында да жоғары оқу орындарында мұндай игі шаралардың өтуі аса маңызды. Студенттерге терең біліммен қатар, саналы тәрбие беретін оқу ордасында бұл бағыттағы тәрбиелік шаралар жалғасын таба бермек.

Н.А.КАБОШЕВА, А.С. ЖҰБАНЫШЕВА,
тілдерді оқытудың практикалық курсы кафедрасының оқытушылары

Новый взгляд на историю

18 сентября в ЗКГУ им. М.Утемисова состоялся круглый стол, на котором обсуждались проблемы современной истории.

По решению акима Западно-Казахстанской области от 9 июля 2013 года под руководством замакима области Бақтыяра Мәкенұлы Мәкена был создан Координационный совет, в состав которого вошли ученые, журналисты, общественные и политические деятели области. На состоявшемся круглом столе члены совета рассказали о проделанной работе, были обсуждены проблемы, с которыми сталкивается изучение современной истории.

С докладом о работе экспедиции «Бабалар тарихына тағзым», организованной проректором по научной работе и международным связям, д.и.н. Әбілсеитом Қапезұлы Мұқтаром, выступила старший преподаватель кафедры «История Республики Казахстан», к.и.н. Н.М.Токешева. В докладе говорилось о теоретическом и практическом значении экспедиции, о важности изучения истории Казахстана как части всемирной истории. При этом необходимо учитывать момент объективности в изучении исторического процесса и ухода от его идеализации и простой описательности.

Для объективности истории проводится большая работа по поиску и выявлению исторических документов в архивах стран ближнего и дальнего зарубежья. Ученые говорили о необходимости обнародования документов, которые хранятся со времен Советской истории под грифом «секретно».

Журналист газеты «Орал өңірі» Казбек Кабжанов выступил с докладом о необходимости в рамках изучения истории казахского народа о государственной поддержке работы по систематизации и документированию рисунков и надписей на кулпытасах, которые нередко встречаются на просторах нашей области, и необходимости создания сайта обо всех больших и малых исторических памятниках.

Ученые были единодушны в мнении, высказанном деканом факультета истории и права З.К.Мухлисовой, о том, что история – наука междисциплинарная и изучать ее необходимо в комплексе, одновременно рассматривая с позиции героизма, этнографичности и критичности.

С заботой о молодёжи

23 сентября в актовом зале ЗКГУ им. М.Утемисова прошла встреча студентов с главным специалистом Актобинского областного управления по делам религии Талдыбаевым Толегеном Омирзакулы, главным специалистом Западно-Казахстанского областного управления Раманкуловым Максатом Аралбайулы, организованная воспитательным отделом ЗКГУ под руководством проректора по воспитательной работе и социальным вопросам Даришевой Туймеш Малбагаровны.

Годы насильственного, а затем и привычного атеизма не оправдали себя, породив поколения людей, лишенных веры. Традиционная религия казахов ислам, укреплявшая дух предков-кочевников, переживает в наше время второе рождение. Но современный мир неоднозначен. И нередко человек, в особенности тот, кто только вступает во взрослую жизнь, становится мишенью распространения различных псевдоисламских течений.

Нынешняя молодежь – дети современного, независимого государства, растущего в новых условиях. В пункте 6 седьмой главы «Стратегии-2050» Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев обращается со словами: «Государство и граждане должны **единым фронтом** выступить против всех форм и проявлений **радикализма, экстремизма и терроризма**».

Особую озабоченность вызывает угроза так называемого религиозного экстремизма... Экстремизм и терроризм в Казахстане имеют не идейную, а криминальную основу. За псевдорелигиозной риторикой скрывается преступная деятельность, подрывающая основы общества. Это атака на мир и стабильность в нашей стране. Это испытание на прочность нашей государственности и гражданской зрелости.

После вступительной речи Т.М.Даришевой собравшимся студентам был продемонстрирован документальный фильм о деятельности деструктивных исламских организаций на западе Казахстана, о тех, кто был вовлечен в эти организации и жестоко пострадал от потерей близких, свободой и до конца жизни запятнали честь своих семей.

Лекция, прочитанная Т.О.Талдыбаевым, скорее походила на доверительную беседу. Молодежный сленг и отличное знание материала, а также цитирование – на распев - корана на языке оригинала с переводом на казахский язык сделали беседу насыщенной. Временами студенты одобрительно переговаривались между собой, когда слышали знакомые фразы.

Для любого человека, и это прописано в законах ислама, самое важное – воспитание. Очень важно уделять большое внимание подрастающему поколению.

-Никогда не верьте слухам и не пытайтесь читать Священную книгу Коран без специальной подготовки. Набравшиеся верхушек знаний от безграмотных источников всякого рода приверженцы «чистого» ислама на вопрос, где черпают они знания, отвечают: «Один брат сказал». Если вам интересны знания, идите к специалисту. Настоящая вера не нуждается в человеческих жертвах. Это вера является человеку, чтобы поддержать его в испытаниях, - сказал в заключение Т.О.Талдыбаев.

М.ДЖУМАГАЛИЕВА

Фаризамең сырласқан күн

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасында республикалық «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Фарица Оңғарсынованың «Дауа» атты лирикалық жыр жинағына арналған оқырмандардың дөңгелек үстелі ұйымдастырылды.

Әдемі кешті университет профессоры, қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы Серікқали Ғабдешұлы Шарабасов әсерлі жүргізді.

«Фарица Оңғарсынованың ақындық әлемі» баяндамасын тыңдарман назарына ұсынған Фарица Оңғарсынова лирикасын зерттеуші, «Фарица Оңғарсынова лирикасы» атты электронды оқулықтың авторы, ф.ғ.к., доцент Мүтиев Зейнолла Жақсылықұлы: «Бүгінгі қазақ өлеңінің өресін, жалпы қазақ поэзиясының деңгейін Фарица туындыларынсыз толық елестету, анықтау мүмкін еместігін оңды ұғынсақ, ақын шығармашылығы бір емес, бірнеше зерттеу еңбектері мен оқу құралдарына негіз бола алатыны күмәнсіз, Фарица лирикасындағы «сөз сарасының» қадір-қасиеті жеке бастың мұң-мұқтажынан жоғары тұр, өнегесі - адамды тәрбиелеудің қазыналы, қастерлі құралы», - деп оқырманға ой тастады.

Әдебиет өлкесіне өзіндік үнімен, дара қолтаңбасымен енген ақын, «Жайық ұстазы» газетінің Бас редакторы Ақмаржан Таубаеваның жыр майталманы Фарица апамыз туралы әдемі естеліктерін айтып, ақын Фарица апамызға арнаған «Фарица апа орамалы» атты өлеңді оқып, шығу тарихын баяндап берді.

Зейнеткер Таушева Гүлжан Зәкірқызы, М.Өтемісов атындағы



БҚМУ-дың тәрбие ісі жөніндегі проректор Дәрішева Түймеш Малбағарқызы «Қазақстанның әдебиет-мәдениет әлемінде өзіндік қолтаңбасы бар лирик ақынның орны ерекше екендігін, студенттер үшін рухани азық алатын тәлім-тәрбиесі мол кештердің маңызы жоғары екенін баса айтты.

Керемет кештің куәгері болған студенттер жыр майталманы – Фарица апамыздың өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Дәстүрлігін жоймаған әдеби-мәдени маңызды кештер Фаризаның шығармашылығымен шектеліп қалмай, болашаққа жол тарта берсін деген тілек білдіреміз.

Венера МУЛДАШЕВА,
М. Өтемісов атындағы БҚМУ
ғылыми кітапхана әдіскері

80 жылдық тарихы бар өр рухты Махамбет есімімен аталатын қасиетті оқу ордамызда жыл сайын түрлі салада түрліше жетістіктерге жеткен тұлғалармен кездесу кештері өткізіліп тұрады. Жаңа оқу жылымыздың бастамасын жарқын кездесу кешімен бастағанымыз жасырын емес. Осындай кездесу кешіміздің қадірлі қонағы - Лондонда Халықаралық Абай клубын ашқан жазушы, драматург, Халықаралық сыйлықтардың лауреаты Сейсенбаев Роллан Шакенұлы.

ШЫНДЫҚТЫ ШЫНАЙЫЛЫҚПЕН ШЕРТТІ

Танымдық кездесу кешіміздің шымылдықын университетіміздің ректоры Асхат Сәлімұлы Иманғалиев ашып, студенттер, барша оқытушылар қауымын жаңа оқу жылымен құттықтап, бүгінгі күн университет үшін ерекше күн екенін айтты, себебі Роллан Шакенұлы сияқты тұлғалармен күн сайын кездесе бермейтінімізді, алтын уақытын қиып келгеніне рахметін айтып, ыстық ықыласын білдірді. Әрі қарай профессор оқытушы Серікқали Шарабасов Ғабдешұлы жүргізуімен өрбіген кездесу кешінде студенттер көкейтесті сұрақтарын ортаға салып, ой бөлісті. Тарих факультетінің деканы Мұхлисова Захот Көшкінбайқызы, орыс филологиясының кафедра меңгерушісі Гүлнар Сейдағалиқызы, қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің кафедра меңгерушісі Зейнолла Жақсылықұлы Мүтиев әсерлі мәні зор кеште сөз сөйлесе, студенттер атынан 02201-топ

студенті Абдубали Әсел өз жүрек жарды тілегін арнады.

Сырлы кеш барысында Роллан Шакенұлы Жапония студенттері мен Қазақстан студенттерін салыстырып, оларға өзіндік бағасын беріп, қазіргі таңда күн тәртібінде жүрген өзекті мәселелер жайында тағылымды ойлар айтылды.

Жарқын жүздесу соңында «Сен қанша адамға жақсылық тілесен, Алла саған сонша жақсылық береді» деген ұлағатты ойымен Роллан ағай өз сөзін аяқтады. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, бұл кездесу кеші студент-жастарға серпіліс беріп, бағыт бағдар ұсынғандай болды.

Гүлфани Хамзиқызы,
филология: қазақ тілі мамандығының 3-курс студенті

«Нұр Отан» Нұрлы болашақ жолында

Қыркүйек айында «БҚМУ» бастауыш партиялық ұйымының «Нұр Отан» ХДП саяси доктринасының жобасын талқылауға арналған мәжіліс болып өтті.



Нұрлы болашақ жолындағы «Нұр Отан» Елбасымен біріге жаңа жетістіктерге қадам басып, 2030 стратегиясын мерзімінен бұрын орындап, алға қарай қарыштап дамып келеді. Әрине, ел дегенде толарақтан саз кешіп жүрген бұл партияның еңбегі ерекше. Тәуелсіздігімізді қолға алғалы бері енді-енді жоғарғы мүмкіндіктер мен жетістіктерге қол жеткізе бастадық. Дамудың жаңа бағыттарын жүзеге асыруда Елбасының басшылығымен «Нұр Отан» партиясы биылғы жылы да жаңа жетістіктерге жету жолында жоспар құрып, аянбай еңбек етуде. Доктринада Қазақстанның жаңа бағыттары мен мақсаттары, ұлттық құндылықтарымыз, жаңа қағидаттар, партияның жаңа миссиясы және тарихи жауапкершілігі басты назарға алынған.

БҚМУ бастауыш ұйымының төрағасы М.И.Исатаев жиналысты ашқаннан кейін, биылғы оқу жылымен жиналысқа қатысушыларды құттықтай отырып, «Нұр Отан» ХДП биылғы доктринасының өте ауқымды әрі бағалы жоба екендігін атап көрсетті. Содан кейін мәжіліске қатысушы партия мүшесі

Құттықтаймыз!

РФ Саратов облысы жұмыспен қамту, еңбек және миграция министрі Н.Ю.Соколовтың Алғыс хатымен марапатталған жаратылыстану-география факультетінің доценті **Терещенко Татьяна Александровна**, БҚМУ қауымдастырылған профессоры дипломына ие болған химия ғылымдарының кандидаты **Кунашева Зарипа Хайроллақызы** және Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасының Алғыс хатымен марапатталған қазақ филологиясы кафедрасының доценті **Сұлтанғалиева Рита Бекжанқызы** мен қазақ филологиясы кафедрасының оқытушысы **Тұрғаналиева Ганмеркүн Ганмерханқызы** шын жүректен құттықтаймыз!

КОПОНКА РЕДАКТОРА

Закончился первый, а значит, самый трудный и ответственный месяц учебного года – сентябрь. Утверждены учебный и воспитательный планы, занятия и мероприятия идут полным ходом. Университетская жизнь течет своим чередом.

Жизнь, что может быть ценнее ее? Жизнь – это многообразие красок, это встречи и знакомства, познание нового и расставание с заблуждениями. Окружающий мир настолько естественен, что большинством из нас руководит глубокое убеждение: жизнь – это данность, на которую никто и ничто не может посягнуть. Но действительность меняет наши убеждения. Уходят навсегда близкие, друзья, знакомые, и жизнь уже не кажется неким постоянством. И особую горечь вызывает трагический уход молодых. Только всегда ли в этом повинна судьба, на которую мы привыкли уповать? Может, стоит лишь вспомнить о простых правилах, внушаемых нам с детства, и тогда многих трагедий можно было бы избежать...

А жизнь студенческая продолжается. Вот уже выбран новый актив, награждены лучшие из лучших. На лицах обладателей грамот, грантов, дипломов и других наград читается едва скрываемый восторг. Хочется верить, что живут они в мире неограниченных возможностей. Подтверждением этому – Гран при и звание «Лучший студент» областного тура республиканского конкурса «Разные – равные» среди лиц с ограниченными возможностями, который завоевала студентка V курса специальности дизайн ЗКГУ им. М.Утемисова Мейрамгуль Галиева. Мейрамгуль, мы аплодируем тебе стоя!

Все больше студентов осваивают зарубежье, 17 студентов поехали получать знания в рамках академической мобильности в университеты Германии и Польши. Как показал опыт, для студентов, получивших возможность учебы за границей, это не просто освоение новых программ в новых условиях. Меняется мировоззрение и восприятие знаний. Впрочем, психологи давно твердят: не можете изменить себя, попробуйте изменить мир вокруг себя, смените обстановку, и жизнь заиграет новыми гранями.

Да и не выходя из стен вуза, можно значительно повысить уровень знаний студентов. Перед преподавателями поставлена задача разнообразить способы проверки знаний студентов. Долой скучные экзамены по принципу «вопрос-ответ»! Тесты, презентации, доклады и многое другое – преподавателям остается вооружиться воображением и включиться в творческий процесс. Наверняка, и студенты лишь выиграют от нововведений: меньше стрессов – выше баллы. Ведь искусство преподавателя не только в том, чтобы знания передать, но и суметь заставить студента эти знания показать.

Возможно, разговоры об экзаменах мы завели слишком рано. Но, как говорится, готовь сани летом.

Удачи!

Главой государства Н.А.Назарбаевым в Послании народу Казахстана от 27 января 2012 года «Социально-экономическая модернизация - главный вектор развития Казахстана» поставлена конкретная задача по принятию пятилетнего Национального плана действий по развитию функциональной грамотности школьников. Постановлением Правительства от 25 июня 2012 года №832 был утвержден Национальный план действий по развитию функциональной грамотности школьников на 2012 – 2016 годы.

КОНФЕРЕНЦИЯ УЧИТЕЛЕЙ

Организаторами областной научно-практической конференции «Формирование функциональной грамотности учителей начальных классов в условиях 12-летней школы» выступили кафедра «Педагогика и психология» педагогического факультета ЗКГУ им. М.Утемисова совместно с филиалом АО «НЦПК «Өрлеу», ИПК педагогических работников по ЗКО». В конференции приняли участие преподаватели педагогического колледжа им. Ж.Досмухамедова, преподаватели, методисты АО «НЦПК «Өрлеу», преподаватели и магистранты ЗКГУ, учителя школ города и области. Доклады для пленарного заседания конференции подготовили такие ученые как д.п.н., доцент Сардарова Ж. И., д.п.н., профессор, академик АПНҚ, МАИ Курманалина Ш. Х., к.п.н. Измуханбетова С.С., д.п.н., доцент Мухамбетжанова С. Т., д.п.н., доцент Сарсенбаева Б. И., к.п.н., доцент Ергалиева Г.А. Лучшие доклады были отмечены дипломами.

Конференция прошла на высоком научном уровне. По итогам конференции были разработаны и приняты рекомендации, в которых говорилось о необходимости поддержки учителей, применяющих инновационные методы и современные информационно-коммуникационные технологии обучения в развитии функциональной грамотности учащихся школы. С целью повышения качественной подготовки компетентных специалистов в университете, колледже необходимо включить элективные дисциплины, посвященные формированию функциональной грамотности учителей начальных классов, а также модернизировать работы по изданию учебных пособий, учебно-методических пособий совместно с учеными, преподавателями университетов, колледжей.

Ж.И.САРДАРОВА,
зав. кафедрой педагогики и психологии
ЗКГУ им. М.Утемисова, д.п.н.

университеттегі «Махамбет» орталығының директоры, педагогика ғылымының докторы, профессор, БПҰ саяси бюросының мүшесі А.С.Қыдыршаев сөз сөйлеп, «Нұр Отан» ХДП-ның алға қойған мақсаты айқын екендігіне сенім білдірді. Біріншіден, партияның төл мәдениетке, рухани құндылыққа мән беруін, екіншіден, доктринада интеллектуалды зияткер ұлтты дамытуға арналған бөлімдерінің қатты ұнағанын мәлімдеді.

Елбасының алға қойған мақсаттары мен барлық тапсырмалары доктринаға енгізілген. Елдің болашағына арналған бұл жобаны талқылап, қолдаушылардың бірі - экономика және басқару факультетінің деканы, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, партия мүшесі Г.И.Нестеренко. Ол өз сөзінде Қазақстанның «Нұр Отан» партиясымен бірге жеткен шыңдарын сөз етіп, осы жылда да алдағы мақсатты орындауға сәттілік тіледі. Жиналысқа студент жастар да қатысып, доктринаны талқылауға өз үлестерін қосты.

Солардың бірі математика мамандығының 3-курс студенті, Н.Ә.Назарбаев атындағы атаулы шәкіртақы иегері, «Жас Отан» жастар қанатының белсенді мүшесі Т.Исмамова Қазақстанның болашағы жастардың жетістігімен дамитынын және осыған дейінгі жеткен биіктерімізді жеткізе отырып, «Жас Отан» жастар қанаты, «Жасыл ел», «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымдардың құрылуына да ұйытқы болып отырғандығын мәлімдеді. Студенттердің де партиямен бірге бағыт-бағдар алып, айқын міндет атқарып жатқандығын дизайн мамандығының 5-курс студенті, мәдениет және өнер факультетінің студенттік деканы, партия мүшесі М.Галиева өз сөзімен дәлелдеді. Доктринаны талқылауға келген барлық қонақтар мен партия мүшелері жылы лебіз, құттықтауларын білдірді. БҚМУ бастауыш партиясы жиналысты еліміздің мүддесін қорғаудағы алға қарай дамудың жоғары сападағы үлгісін доктринамен тікелей байланысты шешеміз деген сеніммен «Қазақстан-2050» стратегиясын тиімді іске асырамыз деген мақсатпен аяқтады.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақ филологиясы кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, 2012 жылдың «ЖОО үздік оқытушысы» атағының иегері Зейнолла Жақсылықұлы Мүтиев үстіміздегі жылдың сәуір-мамыр айларында Түркия елінің Ардахан мемлекеттік университетінде ғылыми тағылымдамадан өтіп қайтқан болатын. Ғалым-ұстаздың сол іссапардағы жолжазбаларын ұсынып отырмыз.

АРДАХАН ӘСЕРЛЕРІ

(Жалғасы. Басы өткен санда.)

Біздің қазаққа бір табан жақын адам - доктор, профессор Орхан Сөйлемез. Олай деуіміздің бірнеше себебі бар. Біріншіден, ол - Қазақстанда болып, дәм-тұзын татқан адам. Стамбул университетінің түлегі. Түркі жұртына танымал түрколог. Орхан бей Американың Колумбия университетінде 1985-1993 жылдары магистратурадан, докторантурадан өткен. Екіншіден, Қазақстан тәуелсіздік алып, бөрікін аспанға лақтырып жатқан 1991 жылдың 16 желтоқсан күні Орхан Сөйлемез «Қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшеліктері» тақырыбында Нью Йоркте докторлық диссертациясын қорғады. Сонау шалғайда жатып қазақстандық басылымдар («Ана тілі», «Қазақ әдебиеті») негізіне сүйене жазылған оның еңбегі бес тараудан тұрады. Онда қазақтың дәстүрлі әдебиеті, тілі мен алфавиті, оқу әдебиеті, діні мен мұсылманшылдық, Мағжан түркішілдігі сияқты мәселелерді қамтиды. Оның Ұлы Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында А.Құнанбайұлының ақындығы, ойшылдығы хақындағы доктор-түрколог Гөксел Өзтүрікпен бірлесе жазылған мақалалары Стамбул диссертациясында 1993-1995 жылдары кезең-кезеңмен жарық көрді. Қазақтың түрколог ғалымдары Рахманқұл Бердібайды, Шәкір Ыбырайды жақсы білетіндігін, олардың шығармаларымен жақсы таныс екендігін айтып қалды бізбен сұхбатында.

Қазаққа бір сүйем туыс ғалымның екіншісі – жоғарыда есімі аталған Гөксел Өзтүрік. «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» деп тым жақсы даусымен ешбір мүдіріссіз сырқай жөнелгенде «ой, осының тегінде қазақтың қаны жоқ па екен» деп күмәнданып қаларыңыз кәміл анық. Сөйтсек, Гөксал бей 1991 жылы 14 желтоқсанда Қазақстанның Кентау қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы «Түрік дүниесі» аталған алғашқы лицейді ашушылардың бірі және директоры болған екен. Қазақ елімен, оның салт-дәстүрімен етене таныс Гөксел Өзтүрік Қазақстанды екінші Отаным деп біледі. Абай атындағы ҚазҰПУ-да, Семейдегі Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеттерінде болып, түрік тілі мен әдебиетінің тарихынан дәрістер оқыған. Стамбулдағы Мәрмара университетін тәмамдаған. Доктор, дочант (бізше – доцент.- З.М.). Өте еңбекқор, ізденгіш ғалым, бірнеше тіл біледі. ЖОО-нан кейін Мәрмара университетінің Түркітану институтында жұмыс істеп, 9000-нан астам Азербайжан мақал-мәтелдерін жинаған. Сөздік-индекс құрастырушы. Критика-эдиссонның (салыстыра тексеру) маманы. Мәтінмен, аудармамен жұмыс істеудің шебері. Башқұртстанда ізденіс сапарында болып, Ресей

ғылым академиясының Уфа бөлімшесінде жұмыстанып, қолжазба бөлімінде алты ай отырған. Жинаған материалдары негізінде 1993 жылы магистр дәрежесін иеленсе, 2001 жылы «Едіге батыр» жырының башқұрт нұсқасын зерттеп, докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

Ал қазақтың туған күйеу баласы – Айхан Челикбайдың орны тіптен ерекше. Әйелі Бақытгүл – қазақтың қызы. Айыбы – Бішкектік. Айхан екеуінен Дениз есімді бір қыз бар. А.Челикбай 1996 жылы Анкара университетін түгескен. Қазіргі түркі тілдері және әдебиеті маманы. 1998-2010 жылдары Қырғыз-Түрік Манас университетінде ғылыми тәжірибеден өткен. Шағатай тілін, жаңа ұйғыр тілін және өзбек тілінің тарихын тереңнен зерттеуші ғалым. Архив материалдарын ақтару нәтижесінде «Молда Низамуддин Ахун және оның хикметтері. 1-том» деген қолжазба еңбекті дүниеге әкелуші. Айхан бей үш тілде (өзбек, ұйғыр, қырғыз тілдерінде) еркін сөйлейді, ауызшада қазақ, орыс тілдеріне жаман емес. Алматыда болған. Оның бүгінгі айналысып жүрген зерттеу тақырыбы – «Жанқожа батыр» дастанының ескі тарихи нұсқасын қалпына келтіру жұмыстары.

Ардахан университетінде түркі тектес халықтар әдебиетінің қатарында аптасына екі рет қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытылады. Онда түрік студенттері қазақша тіл сындырып, мәтінмен жұмыстанады. Сөздікпен жұмыс істейді. Жалпы жастардың қазақ тілін үйренуге құлшыныстары жоғары екендіктері анық байқалады. - Академиялық ұтқырлық (академический мобильность) байланысы орнаса, Қазақстандық жоғары оқу орнына барар ма едіңіз? – деген сұраққа топ студенттерінің жаппай қол көтеруі – олардың шет елде білім алуға ұмтылыстарын аңғартса керек. Студенттер алмасу тәжірибесі жағынан Орта Азия елдерінен Қырғызстаннан, Түркіменстаннан, т.б., Кавказ мемлекеттерінен Азербайжаннан, Грузиядан, Армениядан, т.б. барып, оқып жатқан шәкірттер қарасы байқалады.

«Қазақстаннан әзірге келуші студенттер жоқ, болашақта келер деген үміттеміз. Бүгінгі таңда шетелдің 167 студенті терең білім алуда, жатар орындары, ішер тамақтары тегін, барлық жағдайды жасауға тырысамыз, Сонымен бірге Орта Азия мен іргелес Кавказ төңірегіндегі республикалардан оқытушы-ғалымдар келіп, ғылыми тағылымдамадан өтіп, тәжірибе жинақтап кетіп жатады. Қазақстаннан арнайы ат басын тіреп келген алғашқы ізденуші-ғалым - Сізсіз. Тіпті Ардахан топырағына аяғы тиген бірінші қазақ та Сіз боп қалуыңыз әбден мүмкін. Біз Сізге өте ризамыз, Ардахан



Суретте: Доцент З.Ж.Мүтиев пен Доктор, дочант Гөксел Өзтүрік

университетіне қош келдіңіз! Әдетте Қазақстандық тәжірибе жинақтаушылар Стамбул, Анкара, Измир сияқты ірі қалаларды таңдайтын еді. Сізді бұл жаққа қай құдай айдап келді?» - деп, екеуара әңгіменің аяғын әзілге шаптырды бәр қазаққа жететін қазақшасы бар оқу ісі жөніндегі проректор, профессор Орхан Сөйлемез.

Ардаханға жетудің өзі бір қиямет болды. «Орал – Ақтау – Стамбул – Карс – Ардахан» маршрутына толық екі күн кетті. Оралдан шыққан күні Стамбулда бір түнеп, ертеңіне Карсқа дейін үш сағат ұшақпен жетіп, одан әрі орман-тоғайы аралас таулар мен өзендерді жағалай автобуспен екі сағат жолаушылауға тура келді. Автобуспен сапар шеккеннің бір ғанибеті - ел танып, жер көруге, романтикалық көңіл-күйді бастан кешіруге жетелейді екен. Ел мен елді, жер мен жерді салыстыра отырып, түрік бауырларымыздың диханшылық, малшылық тұрмыстарынан біраз хабардар болдық. Түркияның флорасы мен фаунасын тамашалай отырып, өз Отанымыздың табиғат байлығымен үндестік тапқандай әсер алдық. Жолшылар мен құрылысшылардың ерен еңбектерін көріп, өз еліміздегі жаңарған өмірдің бір белгісін тапқандай сезімге бөлендік. Қарапайым халықпен араласа жүріп, сол елдің әдет-ғұрпымен, салт-дәстүрімен танысып, адамдарының мінез-құлқын зерттегендей күй кештік.

Қысқасы, атам қазақтың «Атың барда ел таны, желіп жүріп» деген мақалының философиялық астарын енді танығандай болыстық. Қайран, бабам, сенің ер нақылыңның ерімде өсер ұрпаққа рухани азық болар қанша даналық ойлар жатыр десеңізші.

(Жалғасы бар)



В новых условиях АНК должна стать по-настоящему общегражданским, над политическим, общественным институтом.

...Ассамблея народа Казахстана – это все 17 миллионов жителей нашей страны.

Из выступления Н.А.Назарбаева на XX сессии Ассамблеи народа Казахстана

Один народ – одна страна – одна судьба: Ассамблея народа Казахстана в политической жизни страны

Пожалуй, никакой другой институт политической системы Казахстана не вызывает столько вопросов и не получает таких противоречивых оценок, как Ассамблея народа Казахстана. Если для кого-то она бесполезный или, по крайней мере, неэффективный орган, выполняющий на политической сцене страны чисто декоративные и декларативные функции, продукт изошрённых политтехнологий власти, один из её «раскрученных» PR-проектов, то для других – АНК является важнейшей социально-политической инновацией Казахстана, уникальным институтом казахстанского общества, эффективно выражающим его сложную полиэтническую и многоконфессиональную природу.

Так какую же, действительно, роль играет Ассамблея народа Казахстана в жизни нашего общества? Нужна ли она вообще нашей политической системе? И если нужна, то какая именно? Чтобы разобраться в этих вопросах, необходимо обратить внимание на исторические условия возникновения АНК, на тот непростой социально-политический и этно-конфессиональный контекст, в котором она функционирует.

Самообразование АНК, осуществлённое в соответствии с Указом Президента РК Н.А.Назарбаева 1 марта 1995 года, было вызвано отнюдь не надуманными причинами. Во-первых, необходимо было институционально обеспечить представительство множества этносов страны в её политической системе, запустить механизм постоянного взаимодействия их авторитетных представителей как между собой, так и с властью. Во-вторых, нужно было заполнить некий вакуум в сфере представительной власти государства, возникший после роспуска Верховного Совета Республики Казахстан XIII созыва, обеспечить легитимность вынесенному на обсуждение проекту новой Конституции Казахстана.

У специалистов в области политической социологии есть такое понятие – «многосоставное сообщество». Этим понятием обозначаются общества, в которых линии политического противостояния совпадают с линиями социального разделения. К таким сообществам, как правило, относятся социумы, имеющие в своём составе различные этнические, языковые и конфессиональные группы. «Многосоставность» весьма усложняет утверждение в обществе институтов либеральной демократии.

Казахстан, как известно, является родиной для представителей многих этносов, не случайно его в своё время называли «Планетой 100 языков». В настоящее время на его территории проживают представители 137 этнических групп, официально действуют 3088 религиозных объединений, представляющих 17 конфессий и их филиалы. Поэтому становление и развитие Казахстана как суверенного государства происходило в достаточно непростом

этнорелигиозном контексте. Хотя традиционно межнациональные и межрелигиозные отношения между казахстанцами строились преимущественно на принципах мира и согласия, сам факт совместного проживания разных этнических групп, исповедующих различные религии, объективно создавал угрозу того, что вызванные острыми социально-экономическими проблемами социальная неудовлетворённость и возмущение приобретут этнонациональную окраску, как это и произошло в ряде регионов бывшего СССР. Поэтому необходимым условием успешной социальной модернизации нашего уникального по своему этническому составу государства является обеспечение межэтнического и межконфессионального согласия. Решением этой исключительно важной задачи и призвана была заниматься Ассамблея народа Казахстана. Все ключевые государственные решения в стране с момента её образования стали приниматься и принимаются до сих пор с обязательным учётом её позиции.

За 18 лет своего существования АНК прошла эволюцию от консультативно-совещательного до конституционного органа. В настоящее время она имеет конституционный статус организации, обеспечивающей представительство различных этнических групп страны в её общественно-политической жизни. Введение членов Ассамблеи в состав Парламента страны подняло её роль и авторитет на новую ступень, расширило возможности этого института принимать активное участие в решении такой стратегической задачи как дальнейшая консолидация общества и формирование единой казахстанской конкурентоспособной нации.

В настоящее время Ассамблея народа Казахстана занимает важное место в системе государственной национальной политики. Интегрируя свыше 820 этнокультурных объединений, она стала ключевым звеном общественного согласия, сочетающим возможности гражданского общества и государства. Не имеющий аналогов в мире, этот уникальный институт гражданского общества стал координатором работы центральных и местных исполнительных органов власти по вопросам межэтнического развития. Эта работа охватывает информационные, образовательные, воспитательные, правовые, а также международные аспекты обеспечения межэтнического согласия. Председателем Ассамблеи является сам Президент страны – гарант Конституции, и этим определён её высокий общественно-политический статус.

Депутаты Парламента РК от Ассамблеи народа Казахстана принимают активное участие в законотворческом процессе и пользуются правом законодательной инициативы. Все принимаемые законы, касательно межэтнических отношений, проходят соответствующую экспертизу депутатами. Решения её высшего

Көктемде қайтып келген қаздар көк аспанда тым жоғары ұша, өзендердің мол таситындығының белгісі, ал егер тышқандар өздерінің ұяларын шөп үйінділері мен сабандардың төменгі жағына сала бастаса көктемде су аз болады дей бер. Мұның бәрі ауа райы күрт өзгерер уақытта кездесетін жәйттер. Қорыта айтқанда, жан-жануарлар, құстар мен жәндіктер, адамдар да табиғатпен бір-бірімен тығыз байланысты.

Ауа райының кенеттен өзгеруі ауыл шаруашылығындағы дала жұмыстарына ғана емес шопандар мен малшылар қауымына үлкен қиыншылық туғызады. Көктемгі қар аралас жаңбыр кезінде жаңа туған саулықтар төліне шығын келтіріп, апатқа ұшырауы ықтимал. Міне, осындай қолайсыз жағдайдан сақтану үшін аң мен құстардың осы сияқты таңғажайып қызық белгілеріне және өзінің табиғаттың болжау-жорамалдарына қарай отырып, жұмыс істесе еңбек жемісті болатындығы сөзсіз.

Асқар ӘБУБӘКІРОВ,
ССРО география қоғамының толық мүшесі,
өлкетанушы, фенолог, «Халықаралық ядроға қарсы», «Семей-НЕВАДА» қозғалысының 20 жылдығы» мерекелік медалінің иегері



Тіл – татулық тірегі

Филолог

№4(14), қыркүйек-қазан 2013 жыл




22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тілдері күні

«Тіл. Діл. Мәдениет. Болашақ...»

16-21 қыркүйек аралығында «Қазақ филологиясы» кафедрасында «Тіл. Діл. Мәдениет. Болашақ...» атты апталық болып өтті.

Апталық «Тарихымыз да, тағдырымыз да тілмен байланысты» деп аталған кездесу кешімен ашылды. Өңіріміздің ақыны Оралбай Сату және Сердеш Қажымұратұлымен болған әдеби сағат студенттер үшін ғибрат аларлықтай кеш болды. Апталық «Бір тілді білу, бір тілде сөйлеу аздық етеді» атты пікірсайысымен жалғасын тапты. Мұнда студенттер «Үш тұғырлы тіл» саясатына қатысты өз ойларын ортаға салды. «Қазақ елінің болашағы - қазақ тілінде» атты тапқырлар сайысы 1-курс студенттерінің арасында оздырылып, алғыр да, тапқыр топты анықтады. «Тіл татулығы- халықтар достастығының кепілі» атты өзге ұлт өкілдерінің арасында өткен сайыс мемлекеттік тіліміздің мәртебесін айқындағандай, «Анамның тілі - қуатым менің» патриоттық әндер сайысы факультет студенттерінің музыкадан да хабардар екенін дәлелдегендей болды. «Тіл. Діл. Мәдениет. Болашақ...» деп аталған қорытынды кеш қазақтың дәстүрлі өнері айтыспен бастау алып, апталықта белсенділік көрсеткен студенттерді марапаттаумен жалғасты. Атап айтсақ: «Белсенді студент» - Өлкенов Дидар, «Үздік айтыс ақыны»- Сұлтанмахмұд Айдана, Базарбаев Азамат, «Үздік ұйымдастырушы топ»- 02303- 02202- топ, «Үздік куратор» Нұрсәуле Хәкімжанқызы, «Ұлтты біріктіретін бірден-бір нәрсе ана тілі» тақырыбындағы «Үздік қабырға газеті»- 02304-02204топ, «Үздік ақын» - Лұқпанов Меңдібек иеленді.



«Қазақ тілін меңгеру – қазақстандық патриотизмнің құрамдас бөлігі»

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық діліміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры да. Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие. Бұл ретте Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай жасауға бағытталған. Бүгінде Елбасының Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында белгіленген басым бағыттардың бірі – барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударылып отыр. Бұл бағытта атқарылып жатырған жұмыстар жайында, жалпы Мемлекеттік тілдің мәртебесі хақында біздің студенттер не ойлайды екен?



Өмірешов Нұркен, филология факультетінің 3-курс студенті:

Мемлекеттік тіл мәселесі ешқашан назардан тысқары қалып көрген емес. Мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру, нығайту бағытындағы жұмыстар үнемі жалғасын табуда. Соның көрінісі ретінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты дәстүрлі Жолдауында қазір еліміздің әлеуметтік, мәдени саланы өркендету мақсатында жаңа белеске қадам басқандығын атап көрсетті. Бүгінгі таңда мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру мемлекеттік тілді инновациялық технологиялар арқылы дамыту үшін әлеуметтік, экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық жағдай жасауға бағытталған.

Рапацкая Ольга, филология факультетінің 2-курс студенті:

Көңілге қуаныш ұялататын жақсы нышан, ол көптеген қазақстандықтардың балаларын қазақ мектептерінде оқытып, олардың мемлекеттік тілде білім алуы үшін жағдай жасауға ұмтылуы болып отыр. Республика бойынша екі мыңға жуық өзге тілді оқушылар қазақ тіліндегі мектептер мен сыныптарда білім алуда. Сондықтан да білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді тереңдетіп енгізу және халықтың ықпалды бөлігі жастарға баса назар аудару арқылы тіл саясатын жүргізу мол жемісін береді деп ойлаймын.



Мырза Еркебұлан, экономика және жергілікті басқару факультетінің 3-курс студенті:

Қазақстандағы тіл саясатының көпұлтты мемлекетіміздің тұрақты дамуына ізгілікті қызмет етіп отырғандығы қуантады. Біздегі мемлекеттік тіл саясаты шын мәнінде саяси тұрақтылыққа, этносаралық жарастыққа және қоғамдық келісімге алғышарт бола алады. Алайда, біз қандай жағдайда да, қай кезде де өзге тілдердің дамуына еш нұқсан келтірмей, оларға деген мемлекеттік қолдау-қамқорлық аясын тіпті де тарылтпай отырып, қалай дегенде де Қазақстан Республикасы мемлекетінің негізін құраушы, ел-жер иесі қазақ халқының ұлттық тілі — қазақ тілінің, мемлекеттік тілдің мүддесін мейлінше кең көздеуге маңыз береріміз белгілі.

Қауен Айгерім, филология факультетінің 3-курс студенті:

Тіл тағдырына деген жеке адам ретінде жанашырлығымыз бен немқұрайлығымыз өз ықпалын қатты тигізіп отыр. Ата Заңда атап көрсетілгендей, қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде қоғам тұтастығының бірден-бір факторына айналуы тиіс және оған барлық қазақстандықтар азамат ретінде атсалысуы керек. Жалпы, мемлекеттік тіл саясатын толыққанды жүзеге асыру бұл бұқаралық іске айналғанда ғана көздеген мақсатына жете алады деп есептеймін. Бұл ретте бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы орасан зор болмақшы. Бүгінгі күнгі тікелей жауапкершілігіміздегі міндет — мемлекеттік тіл саясатын қоғамымызда жүргізіліп отырған сындарлы саясат негізінде одан әрі жалғастыру.



Сонымен, негізгі міндетіміз – біздің азаматтарымыздың, этникалық қауым өкілдерінің қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде еркін меңгеруін қалыптастыру. Біріншіден, бұл қоғамдағы өзара түсіністікке әсер етеді, екіншіден, тіл – ынтымақтастықтың негізгі көзі, еліміздегі бірлік пен ынтымақтастықтың тірегі болып табылады. Қазақ тілін меңгеру қазақстандықтардың біртұтас ұлт ретінде тату-тәтті өмір сүруіне және қазақстандық патриотизмнің негізі болуға әбден лайық. Тіл проблемаларын оңтайлы шешу — ұлтаралық қатынастар үйлесімділігінің, халықтардың топтасуы мен қоғамдық келісімді нығайтудың алғышарты.

Тіл - ұлттың жаны, халықтығының асыл белгісі, намысы, тыныс-тіршілігінің көзі, Ата заңымен қорғалатын еркіндігінің үні.

Қазақ тілі - әлемдегі алты мыңға жуық тілдердің ішіндегі қолдану өрісі жағынан алғашқы ондықтар қатарындағы тіл. Сондай-ақ, дүние жүзіндегі ауызша және жазбаша тіл мәдениеті қалыптасқан алты жүз тілдің және мемлекеттік тіл мәртебесіне ие екі жүз тілдің қатарында тұр. Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақтың болашағы - қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы үнемі айтып келеді.

Еліміз егемендік алғалы ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс өрісі кеңейді. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай бола қалатын іс емес. Себебі ол тіл сол мемлекеттің иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждықты өтей алатын дәрежеде болуы шарт. Яғни, ол өнер, әдебиет, мәдениет, баспасөз,

Туған тілім - тірлігімнің айғағы

радио, теледидар, дипломатиялық қарым-қатынас, ғылым, өндіріс, ресми іс қағаздар, т.б. салаларға дейін қызмет ететін қоғамның қажетті құралына айналуы керек. Мағжан Жұмабаев ана тілімізге «Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сары далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын мінезі көрініп тұр» деп баға берген. Осы тіліміз


арқылы Абайдың даналығына, Махамбеттің батылдығына, Бұқардың ақылгөйлігі мен халқына деген жанашырлығына, Абылайдың данышпандығына, Бөгенбай мен Қабанбайдың ерліктеріне сүйсініп, рухани өмірге азық етеміз. Өмірдің алмастай қырын, абзал сырын түсіне білуімізге басты себепкер ана тілімізді аялап, тірлігіміздің айғағы бола білген тілімізбен бірге жасайық!

«Егер тілім ертең болса құрымақ,мен

дайынмын өлуге де бүгін-ақ», - деп атақты дағыстандық ақын Расул Ғамзатов текке айтпаған. Олай болса, «Әлем әдебиетіндегі әйгілі жүз кітапты емін-еркін бар бояуымен тегіліп түсіретін қуатты тіл – қазақ тілінің...» құдіреті өшпесін. Тіл татулығы - халықтар достығы бұзылмасын. Жүсіпбек Аймауытовша айтсақ, әр халықтың «Ана тілі халық болып жасалғаннан бері жандүниесінің айнасы, өсіп-өніп, түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі». Ендеше, бәйтерегіміз жығылмасын!

Ақсана ЖҰМАБАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының
1-курс студенті

Бетті әзірлегендер: Анар Қапашева,
Ақсұңқар Жұмабаева, филология
факультетінің студенттері



■ Ақиқатқа жүгінсек

Құрметті студент – жастар! 2013 жылы мамыр айында М. Өтемісов атындағы БҚМУ жанынан «Махамбет» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы құрылып, университет ректоры, академик А.С. Иманғалиев мені осы орталыққа директор ретінде тағайындады. Бұрынғы зерттеулерім тілтану, әдістану, ахметтану, шешендіктану салаларына махамбеттану бағыты қосылды. «Көз қорқақ, қол батыр» дегендей, ойланып-толғанып, ырғалып-жырғалатын уақыт жоқ. «Ұрыста тұрыс жоқ» тұрғысында бел шеше, тер төге кірісіп кеттік. Ең бастысы – саланы терең меңгеру керек, ол үшін «инемең құдық қазу» жөн. Дұрысы – сенімнен шығу. Алғашқы кезекте орталық газеті ретінде үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) материалдар жарияланатын «Махамбет дауысы» («Голос Махамбета» - «Makhambet's voice») жаршысын аштық. Атырау облысы, Индер ауданының Қабанбай – Қарақалпақ (қазір Қараой атанып жүр) деген жеріндегі Махамбет кесенесінің басына экспедиция ұйымдастырдық. Осы іссапар барысында «Махамбет меморандумы» аталған аудан мен университет арасындағы өзара қарым-қатынас және ынтымақтастық жөніндегі келісімшарт (04.07.2013ж.) қабылданды. Биылғы жаңа оқу жылында «Бабалар тарихына тағызым» атты экспедиция жасақталып, алғашқы өлкетану бағытындағы жорығымызды Жаңақала және Бөкейордасы аудандарының елді-мекендерінен бастадық.

Қысқасы, кең көлемді жоспар әзірленіп, кешенді істер қолға алынуда. Әсіресе, махамбеттану саласындағы мол мұраға аш қасқырдай бас сұқтық. Мол әрі алуан қилы дәйекті деректер жинақталуда. Ендігі кезекте осы мәліметтерді студент жастарға құлағдар ету мақсатында жаршымыздың бетінен «Ақиқатқа жүгінсек» айдарын ашып, Махамбет бабамызға қатысты мәлім және беймәлім дәйекті деректерді жариялап отыруды жөн көрдік.

Қадірлі бүгінгі Махамбет ұрпағы! Көз қырыңызды салыңыз! Керегін алыңыз, санаға түйіңіз, ойға ой қосыңыз! Пікір-тұжырымдарыңызды күтеміз.

Махамбет бабамызға қатысты мәлім және беймәлім деректер

* 1966 жылға дейін Махамбет бабамыз 1846 жылы қазанның 20-сында 43 жасында Кіші жүздің Нәдіранасынан тарайтын жеті рудың (тама, табын, кердері, керейт, рамазан, телеу, жағалбайлы) тама бөлімінен өрбіген, Махамбетке жиендігі бар Ықылас Төлеевтің қанды қолынан қаза тапты деген мәлімет мәлім. Дәлірек айтсақ, Ықылас Махамбеттің шашын ұстарамен алу үстінде бауыздап өлтіргендігі турасындағы лақап басым. Сөйтсек, ақиқатқа жүгіне айтсақ, Махамбеттің дүниеден озған мезгілі анық та, бірақ қаза табу оқиғасы мүлдем басқаша болғанға ұқсайды.

* 1966 жылы шілденің 9-ында антрополог Ноэль Жұмабайұлы Шаяхметов ақынның скульптуралық портретін жасау мақсатында Махамбеттің сүйегін қабірінен қаздырып алады.

* Н.Ж. Шаяхметовтің 1969 жылы “Қазақстан” баспасынан аз таралыммен орыс тілінде жарық көрген “Из тьмы веков” (“Ғасырлар тұңғығынан”) атты шағын кітапшасында Махамбеттің қаза болған жері, қазаның негізгі себебі, сүйектерінің қазылып алынғаны, бас сүйегі арқылы оның скульптуралық портреті жасалғаны турасында баяндалады.

* Махамбет сүйегінің ұзақ мерзім бойына (17 жыл) өз мекенін таба алмай өркімнің үйінде, үкімет қоймаларында жатқаны жөнінде қалың жұртшылық бейхабар болып келген.

* Махамбет сүйегінің қайта жерленуі жөнінде Атырау облысының Индер аудандық газетінде қысқаша мәлімет қана жарияланған.

* 1837 жылы 15 қауыста хан ордасынан 120 шақырым қашықтықтағы Тастөбе жерінде алғашқы рет подполковник Геккенің қара зеңбірек, көк мылтықпен қаруланған әскерімен Исатай, Махамбет бастаған найза, садақпен қаруланған жасақшылар шайқасады. Алпыс шақты сарбаздарынан айырылып, көтерілісшілер сәтсіздікке ұшырайды.

* Исатай мен Махамбет Жаңгір ханға қарсы бүкіл Кіші жүзді көтеруді ойлайды. 1838 жылы шілденің 12-сінде екінші рет Исатай мен Махамбет 500 сарбаздан құралған жасақтарымен Ақбұлақ өзенінің Қиыл өзеніне қосылатын тұсында Гекке және сұлтан Баймағамбет Айшуақовтың әскерлерінің кескілескен қақтығысы болады. Осы шайқаста көптеген азаматтармен бірге халық батыры, ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы Исатай Тайманұлы қаза болып, көтеріліс тағы да сәтсіздікке ұшырайды.

* 1846 жылы күзде қалай да Махамбетті тұтқынға алу мақсатында Баймағамбет Айшуақов 15 адамнан арнайы жасақ құрады, тірілей ұстап әкелген адамға мың сом сыйлық беретінін білдіреді. Жасақ құрамында Жүсіп Өтеулин (есенқұл руынан), Ықылас Төлеев, (тама руының старшыны), Мұса Нұралин (жайық руынан), Жаңаберген Боздақов (алаша руының биі), Төрежан Тұрымов т.б. болған. Осы қанішер жөндеулердің зұлымдық әрекеттерінен 1846 жылы қазанның 20-сында Махамбет өз үйінде қаза табады.

* Махамбет қазасына қатысты қылмысты істі тергеу материалдары Орынбор мұрағатында (архив) сақталған. Онда Махамбет өлімінің себептері жөнінде Орынбор шекаралық комиссиясына 1846 жылы қарашаның 5-інде сұлтан Баймағамбет Айшуақовтың жолдаған № 1355 хаты, қанішерлер Мұса Нұралин мен Ықылас Төлеевтердің тергеушілерге берген түсініктемелері, Махамбет өлімі жөніндегі қылмысты істі елге келіп тергеген Редькиннің 1846 жылы қазанның

31-індегі Махамбеттің екі әйелінен, інісі Хасен Өтемісов пен жолдасы Бітімбай Чокиннен алған жауаптары және тергеу ісінің баяу жүруіне байланысты және дұрыс шешілмесіне көзі жеткендіктен Махамбеттің туған ағасы Бекмұхамбеттің 1847 жылы қазанның 9-ындағы Орынбор шекара комиссиясына тергеу ісін әрі қарай жүргізуді тоқтату жөніндегі арызы бар.

* Махамбет өлімінің басы-қасында болған, өз көздерімен көрген оның екі әйелінің тергеуші Редькинге 1846 жылы қазанның 31-інде берген жауабы былайша айтылған: “Бұдан 12 күн бұрын тама руының старшыны Ықылас, беріштің есенқұл бөлімінің адамы Жүсіп Өтеулин және өз ағайынымыз, жайық беріш Мұса Нұралиндер және тағы 12 адам жайық беріш Махамбет Өтемісовтің үйіне келіп, адай руының биі Мауыттың 4 жылқысын немесе олардың құнын Махамбеттің қайтаруын талап етті. Махамбет бұл талапты орындай алмайтындығын айтты. Келген адамдар Махамбеттен сұлтан Б. Айшуақов алдында жауап беру үшін олармен бірге жүруді талап етті, бірақ Махамбет одан бас тартты. Киіз үй ішінде әуелі керіс, одан кейін опыр-топыр алыс-жұлыс басталды. Жанжалдасумен барлығы ұмар-жұмар алысып сыртқа шықты. Төбелеске сыртта қалған жөндеулер де қосылды. Осы кезде Мұса Нұралин Махамбеттің қолын қапсыра ұстады да, Жүсіп Өтеулин оның басын қылышпен төбе тұсынан қатты ұрды. Махамбет мерт болды. Жауыз жасақшылар оның басын кесіп алды. Аңадайда, ат қазықтың түбінде Махамбеттің денесі қалды. Оның үстіндегі киімі дал-дұл жыртық, басы жоқ. Қоңыр топыраққа шып-шып қызыл қаны тамған жылы денені құшақтап, жылап-еңіреп, бала-шаға болып біз қала бердік те, ал келген қанішерлер сандықтағы ақша мен заттарымызды, 8 жылқы, 4 түйеге қоса Махамбеттің басын алып, Хасен мен Бітімбайды тұтқындап, Елек өзенінің бойындағы Б. Айшуақовтың ставкасына кетті. Біз бала-шаға болып Махамбеттің денесін отырған жерімізге жерлегеннен кейін, беріш ағайындарымыз Дариев Тоғыр, Төлекеев Байнақтың ауылында паналаудамыз”.

* Орынбор шекара комиссиясы Махамбеттің өлімі жөніндегі істі 1846 жылы қарашаның 21-22-сінде қарайды, оның қорытынды шешімінде сұлтан Б.Айшуақовтың жолдама хатына сүйене отырып, Махамбет тек бір ғана жазатайымда қорғаныс ретінде жұмсалған шоқпар соққысынан қаза тапты делінген. Махамбетті тікелей өлтіруші Жүсіп Өтеулин, Мұса Нұралиндер, осы қылмысқа қатынасұшылар Ықылас Төлеев, Төрежан Тұрымов, т.б. міскіндердің “қылмысты айыбы жоқ” деп табылып, олардың бас бостандығын сақтап қалған.

* 1853 жылы Махамбет өлгеннен 7 жыл өткеннен кейін шекара комиссиясы Махамбет өлімі жөніндегі тергеу ісін біржолата ресми түрде тоқтатқан. Бұл іс жабулы қазан күйінде 1966 жылы шілденің 9-ына дейін қала берді, тіпті Махамбет сынды абзал азаматтың денесінің қай жерде жерленгені жөнінде деректі мәліметтер 1958 жылға дейін белгісіз болды.

(жалғасы келесі санда)

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,
“Махамбет” халықаралық ғылыми-зерттеу орталығының директоры

■ Дуалы ауыз

Махамбет афоризмдері

Арғымақтың баласы,
Аз оттар да көп жусар,
Азамат ердің баласы,
Аз ұйықтар да көп жортар.

Асыл туған арулар,
Жанын пидә етпей ме,
Шын сүйіскен теңі үшін?!

Мұсылманшылық кімде жоқ,
Тілде бар да, ділде жоқ.
Көшпелі дәулет кімде жоқ,
Бірде бар да, бірде жоқ.

Кәрісі кімнің жоқ болса,
Жасы болар дуана.

Туған ұлдан не пайда,
Атаның жолын кумаса?!
Алаштың байлығынан не пайда,
Тарығып келген ерлерге қайыры оның болмаса?!

Бір сынаған жаманды екіншілей сынама,
Ермін деген жігітті көңшілікте сынама.

Біткен істің міні жоқ,
Бітірген ердің кемі жоқ.
Тура ажалдың емі жоқ.

Әзірлеген,
Гүлнұр ИСМАҒҰЛОВА,
“Махамбет” XF3O әдіскері

■ Ұрпақ үні



Азамат БАЗАРБАЕВ,
02304-топ,
«ҚТОМҚТӘ» мамандығы

Жұмыр қылыш

Ескі күннен естеліктер ағыттық,
Күйші ағам болды ұйытатын халықты.
Жиі жалғыз отыратын оңаша,
«Жұмыр қылыш» күйіне тартып жарықтық.

Төгілетін екі ішектен иірім,
Ескерткендей бізге баба күйігін.
Жаймен басып жайғассам да жанына,
Тыңдайтынмын құлақ қойып күй үнін.

Домбыраның дабылды ырғақ үні кеп,
Дабылды үнге қосылғандай құдірет.
Зулайтын кеп көк дөнені көңілдің,
Тулайтын кеп жүрек дейтін жұмыр ет.

Салғырттығы шығар сәби санамның,
Кейін ұқтым запыранын заманның,
Татқанымен өлтірмеген өрлігін,
Жұмыр қылыш осы екен ғой бабамның.

Қайран баба, дауылпазы даламның,
Зорлықшыға жез жебедей қадалдың.
Аңызына айналдың сен еліңнің,
Ауызында жүріп ажал-аранның.

Қаскөй хан мен қаһарман ұл - екі шеп,
Сұм хан шындық сөзге қойған еді шеп.
Екі жүзді жұмыр қылыш дауысын
Енді бізге естіртеді екі ішек.

Қорқауларға жетпесе де күш ебі,
Сайлап өткен сауыт-сайман, кісені.
«Жұмыр қылыш» күйі ойналса ойыма,
Қылыш-ғұмыр бабам ылғи түседі.

Еске! Назарларыңызға ұсынылып отырған ойлы студентіміздің жүрекжарды өлең жолдары 2013 жылы шілденің 4-і күні Махамбет кесенесі басына тәу ету сапары сәтінде қалың жұртшылық алдында оқылды.

«Махамбет дауысы» («Голос Махамбета» - «Makhambet's voice») жаршысының жауапты редакторы А.С.Қыдыршаев, тілшілері Г.Исмағұлова, А.Тасқалиева, М.Латифова.

Сөз анасы – құлақ, сү анасы – булақ, қол анасы – таяқ.

Шешендік мектебі

(Школа ораторского искусства - School of oratory)

Сырым Датұлы атындағы шешендік өнерге баулу бірлестігінің жаршысы

№ 1, қыркүйек-қазан, 2013 жыл



Тәжірибелік әлеуеті кең болғай!

Қазақ елі - ақындық пен шешендікті қатар қойып, сөз асылын, сөз қасиетін терең ұғынып, тағылым алған ұлт. Ел тарихында Сырым сынды батырдың ұзақ жылдарға созылған көтерілісінің нәтижесі оның көзсіз батырлығымен қоса, сөзсіз, оның сұңғыла саясаткерлігінде екендігін тарих дәлелдеп берді. Күш қаруымен қатар ой қаруын, тіл қаруын бойына жете сіңіріп, ұштастыра білген дала кемеңгерінің дипломатиялық іс-әрекеті осыны дәлелдесе керек. Ендеше, тарих мойындаған халық руханиятының қажеттілігінен пайда болған шешендік өнер қазіргі ақпарат кеңістігінде әрбір адамзат баласының өз бағыт-бағдарын айқындауы үшін қажет-ақ. Себебі, жеке тұлға сөз құдіреті арқылы қоғамдық ортамен қарым-қатынасқа түсіп, кез-келген жағдаяттан іскерлік, білім-білік дағдысын орынды пайдалана білгенде ғана тұлға ретінде танылады. Осы бағытта ғылыми-зерттеу жұмыстарымен шұғылданып жүрген университетіміздің **Сырым Датұлы атындағы шешендік өнерге баулу бірлестігінің ұжымына** жемісті еңбек тілеп, «Шешендік мектебі» - «Школа ораторского искусства» - «School of oratory» жаршысының ғылыми және тәрбиелік-тәжірибелік әлеуеті терең болуын тілеймін. Ел келешегі үшін атқарылған бүгінгі келелі іс өз қолдауын тапсын!

Әбілсейіт МҰҚТАР,

М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дың ғылыми жұмыс және халықаралық байланыс жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор



■ Шешендік - ұлт тектілігінің айғағы

Мақсат - шешен сөйлеу мәдениетіне баулу

Университет студенттеріне риторика ғылымы туралы білу қажет пе? Жалпы студенттерімізді риторикалық мәдениетке баулудың қаншалықты қажеттігі бар? Ақиқатқа жүгінсек, **сөз сөйлеу құдіретіне ие болу** - адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөз сөйлеу дағдысыңсыз адам өмірін көз алдымызға елестету мүмкін емес, оларсыз адам тұмыры мағынасыз. **Сөз - адамдар арасындағы қарым- қатынас құралы, ақпарат алмасу тәсілі, өзге адамның санасына және әрбір қадамына, әрекетіне әсер ету құралы.** Сөзді орынды қолдана, құбылта білу өте жоғары бағаланады. Бұл сияқты қабілет адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі де. Бүгінгі таңда зиялы адамның сүренсіз де сәлектет сөйлеуі, яғни шешен сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруды шешендіксіз көзге елестету қиын. **Демек, сөз қоғам дамуының ағымын аңғартады және ілгергі даму үдерісіне мүмкіндіктер туғызады.** **Сөз адамдардың санасы мен еркіне бірден-бір әсер ететін, оларға білім беретін, сенімін қалыптастыратын, жастарды нақты әрекеттерге жұмылдыратын өте күшті қарудың рөлін атқарады.**

Өте ежелгі дәуірлерден бері адам баласы жанды сөздің әсер ету құпиясының сыры неде екенін (бұл туа біткен қасиет пе, әлде ұзақ уақыт тер төге оқудың, өз бетімен білім алудың нәтижесі ме?) танып-білуге ұмтылуда. Осы және өзге де сұрақтарға жауапты **риторика ғылымы - «сөйлеу сәтінде ойды дәл аңғарту, сөзді орынды орналастыру және мезетте тауып айту»** заңдары туралы ерекше ілім жауап береді. Ежелгі дәуірде аталмыш ғылым беделі, оның қоғам мен мемлекет өміріне әсері өте жоғары болған, сол себептен де **риториканы «ақылға жетекшілік жасайтын өнер»** ретінде атап, ескери басшылық, эпос және музыка өнерімен қатар қойған.

Риториканың алғашқы ғылыми талдамасының авторы ежелгі дәуірдің ұлы ойшылы Аристотель, **риториканы «әрбір нақты пәнге қатысты сендірудің мүмкін болар амалдарын табу қабілеттілігін туғызар» ілім** ретінде анықтайды. Бұл арадағы басты сөйлеу мәселесіндегі орталық назар аударар тұс - оның сендіру құралы екендігі. Барлық кезеңдегі ғалымдар мен шешендерді тап осы мәселе толғандырып келді, әлі де ойландырады. **Шешен алға қойған мақсатқа қалай жетуге болады? Аудитория назарын қалай өзіңе аударуға, баурап алуға болады? Қалайша сөйлеу бірден-бір әсерлі құлпытас?** **Шаршы топ алдында ауызша сөйлеудегі сендірудің құпиясы неде? Үздік шешендік сөздің жетістігі немен өлшенеді? Мүмкін болар сендіру амалдарының бірден-бір тиімдісі деп қайсыларын атауға болады?** Бұл сияқты сауалдарға жауап табу, әсіресе, шешендік өнерді жаңадан бастап үйренуші студент жастарға оңай шаруа емес. Ондай адамға риториканың тарихы мен теориясын терең оқып-үйренуден, ауызша сөйлеудің атақты шеберлері мен ғалымдарының еңбектерімен танысудан алшақ кетуге, өзімен жүргізілетін салмақты тәжірибелік жұмыстарға мән бермеуге, сырт қарауға өсте болмайды. Мәселен, алғашқы нөмірі жарық көріп отырған **«Шешендік мектебі» («Школа ораторского искусства» - «School of oratory»** жаршысы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің шешендік өнерді жаңадан бастап игеруші студенттеріне арналады. **Жаршы**

мақсаты - шаршы топ алдында ауызша сөйлеуге баулитын сан тарау әдебиеттердің ішінен белгілі бір дәрежеде өзіндік жол сілтеуші, жүйелі бағыт-бағдар беруші рөлін атқару, риторика ілімінің басты теориялық мәселелері бойынша жас атаулының нақты көзқарасын қалыптастыру, сондай-ақ бұл орайдағы мәселелердің машықтық қалтарыстарын көбірек аңғарту, сөйлеуге даярлау барысы мен көпшілік алдында сөз сөйлеуге бағыт-бағдар сілтеу, кеңес беру, ең бастысы қоғамның сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға әсер ету, бүгінгі жоғары оқу орны студенттерінің - ертеңгі білікті мамандардың ауызекі сөйлеу тілі мен жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға септесу, шығармашылықпен айналысатын талантты жастарды қолдау.

Адам атаулының қай-қайсысы да дұрыс та дәл, әрі шешен сөйлей білуді жете меңгеруге ынталы. Себебі бұл өзге адамдармен (отбасында, университетте, қызметте, қоғамдық өмірде) жылы да жағымды қарым-қатынас орнатуға және оны сақтауға мүмкіндік береді, әр түрлі салада жетістікке жетуге көмектеседі. Әншейінде мағынасы көмескі, тіптен қажетсіз көрінетін сөзді өз орнында, дәл мезетінде шебер де шынайы қолдана білсе, ол теңдессіз күшті құралға айналады. Біздің бір-біріміздің қарым-қатынасымыз сәтті болу үшін, тек қана тілді, оның грамматикасы мен сөздік қорын жақсы біліп қана қою жеткіліксіз. Өңгімелесушіңді қызықтыра отырып, оған әсер ету үшін, өз бағытыңызға икемдеп, баурап алу үшін, өзіңізге көңілі ауған, ұнататын адамдармен, тіпті өз қарсыластарыңызбен де сөйлесе білу үшін, өз сөзіңізді орынды үйлестіре білу аса қажет. **Демек, сөз сөйлеуді шебер меңгеруді қажет етпейтін мамандық атаулы жоқ. Ал адам іс-әрекетінің кейбір салаларында ол аса қажетті. Мәселен, заңгер, оқытушы, агроном, психолог, менеджер, саясаткер, діни қызметкер өз мамандықтарының шарықтау шегіне жеткісі келсе, сөйлеу өнерін жете меңгеруі тиіс.** Себебі, оларға адамдармен үнемі қарым-қатынас жасауға, яғни әңгімелесуге, кеңес беруге, ұстаздық етуге, ресми жағдайда шаршы топ алдында сөйлеуге тура келеді. Ал шаршы топ алдында сөз сөйлеу үшін, не айтаыныңды білу аздық етеді, бұған қоса, қалай айту керектігін білген жөн. Шешен өз сөзінің ерекшеліктерін көз алдына елестете білуі керек. Шешен мен тыңдаушыларға әсер ететін сандаған факторларды ескеру дұрыс. Сөйлеу техникасын меңгеруі тиіс.

Риторика - адам өмірінің әрқилы ішкі үдерістерін бейнелеудің озық тәсілі, өзгелерді өз еркіне бағындырудың аса күшті қаруы, жанды қарым-қатынастың амалы ретіндегі сөз сөйлеу құдіретіне ие болғызатын, шын мәнінде, адамның құдіреттілігін танытатын көп қырлы ілім. Бүгінгі таңда қоғамның дамуына сәйкесті иландырушы сөзге нақты қажеттілік пайда болды. Риторика әрбір қадам сайын қолданылады: ол жеке адамның күнделікті өмірлік қажеттіліктеріне қатысты істерде де, сондай-ақ мемлекеттік мәндегі үлкен істерде де бірдей керектігі даусыз. Бұл ретте ойшылдардың бірі **С. Лихудқа сүйенсек, «егер де көкте құдайдың, кеудемізде жанның бары рас болса, онда адамзаттың тыныс-тіршілігі де риторикадан ажырағысыз». Демек, шешендік өнер - тіл мәдениетінің, сөйлеу мәдениетінің шыңы.**

Қадірлі студент-жастар! Тәрбие мен білімнің маңыздылығы - жастарды тұлға ретінде қалыптастыруға қажеттілігінде. Университетіміздің «Қазақ филологиясы»

Нақылнама:

Дауға салса, алмастай қиған, сезімге салса, қырандай қалқыған, ойға салса, қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы. Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен...

Жыраулыққа, аңыз айтуға бейімі бар, ақыл-парасаты мол адам халықтың рухани ақыл-ой қазынасын сақтаушы ақын болған. Олардың арасынан шыққан беделді де құрметті, тілі өткір шешендер халықтың көкейкесті ой-пікірін ел билеушіге бетің бар, жүзің бар деп жалтақтамай, көзіне тұп-тура ашық та батыл айтып салудан тайынбаған.

Н.Ә. НАЗАРБАЕВ,**Қазақстан Республикасының Президенті**

Қолдарлық игі қадам

Қадірлі студенттер! Ағылшындар айтады: «Ынтасыз құлақтан асар керең жоқ» деп. Ынталы, ойлы студенттеріміздің көп болғанына не жетсін! Қазақ халқы сөз қадірін жете ұғынған, оған өз өмірінде мейлінше мән берген, айрықша бағалаған. Сөз өнерін дертке балаған ел **«тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады»** деп, сөз құдіретіне табынған, мән-мағынасыз, қалай болса, солай сөйлеуге болмайтындығын ескертіп, **«аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі», «іріген ауыздан шіріген сөз шығады», «жақсы сөз - жарым ырыс»** деп, тыйым айта отырып, жүйесін тауып сөйлей білгенді **«сөз тапқанға қолқа жоқ»** деп, қошемет көрсетіп отырған. Демек, бірлестік ұжымының студенттерге арнап ашқалы отырған **«Шешендік мектебі» («Школа ораторского искусства» - «School of oratory»)** атты жаршысы осы жолда шәкірттеріміздің ауызекі сөйлеу және жазба тілі мәдениетін дамытуға септігін тигізіп, оқырман-студенттерге құнды ой тастағай! Жаршының редакциялық алқасына сәттілік тілеймін!

Зейнолла МҮТИЕВ,**«Қазақ филологиясы» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., доцент**

жанындағы Сырым Датұлы атындағы шешендік өнерге баулу бірлестігінің студент жастарға арнап ашып отырған **«Шешендік мектебі» («Школа ораторского искусства» - «School of oratory»)** атты жаршысының түпкі мақсаты да - талантты, аса қабілетті, елгезек те ізденімпаз студент жастарымызға қолдау білдіру, қазақ елінің интеллектуалды ұлт келешегін қалыптастыруға саналы түрде үлес қосу. Біздіңше, қазіргі заманның ғаламдық проблемасы - бұл таза экономикалық, саяси не ғылыми проблемалар емес, ең алдымен, адамгершілік-рухани құндылықтар. Ұлттық құндылықтардың бірегейі - тіл.

Қымбатты достар! Осы бағытас мақсатты ойымызды бұдан бұрынырақ та аңғартқанбыз. Демек, студенттерімізге арналған «Шешендік мектебі» жаршысы да - сол ізгі ағартушылық мақсатымыздың толымды жалғасы іспеттес. Игі іске тілеулес болайық, ағайын! Бастама баянды болғай!

А.С. ҚЫДЫРШАЕВ,**С. Датұлы атындағы шешендік өнерге баулу бірлестігінің жетекшісі, Ресей Риторикалық қауымдастығының мүшесі, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының екі мәрте иегері**

Шешендік туралы

Бүкіл ғаламды сөз деп аталатын шамшырақ нұрландырып тұрмаса, оны түнек тұмшалап тұрған болар еді.

Халық даналығы

Шешендік – кісінің көркі.

Горацій

Адам баласын ұшар биікке шығарар, атақ – даңққа келтіретін екі-ақ өнер саласы бар: бірі – қолбасшылық өнері де, екіншісі – үздік шешендік өнері.

М.Т. Цицерон

Шешендік – сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына, күллі өнердің қасиет күшін өз бойына жинақтаған деуге болады.

Платон

Шешен сөз мақсаты – негізгі пікірді баяндап, түрлі дәлелдермен сипаттап түсіндірумен қоймай, пікірге нандыру, сендіру, ұйыту, балқыту, иман келтіру.

А. Байтұрсынов

Шешендік өнер – ауызша түрдегі әдеби шығармашылық.

А.Ф. Кони

«Шешендік мектебі» - («Школа ораторского искусства» - «School of oratory») жаршысының жауапты редакторы - А.С.Қыдыршаев, тілшісі - Мөлдір Серікқалиева (0205-топ, «Филология: қазақ тілі» мамандығы).

ШЫҒАРМАЛАР САЙЫСЫ өз мәресіне жетті

Отбасы күніне орай «БҚО жастар Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі мен Орал қалалық әйелдерге арналған әлеуметтік бейімделу және оңалту орталығы ұйымдастырған 14-25 жас аралығындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттері мен оқушыларына арналған «Жастар зорлық-зомбылыққа қарсы: зорлық бар жерде отбасы жоқ» акциясы аясында ұйымдастырылған облыстық шығармалар байқауы өткізілді.



Байқауға барлығы 35 шығарма тапсырылса, оның 5-еуі М.Өтемісов атындағы БҚМУ студенттерінің туындысы еді. Қатысушылардың жұмысын саралау, талдау және бағалау үшін арнайы мамандардан құралған комиссия

құрылды. Комиссия мүшелері Батыс Қазақстан облысы жастар саясаты басқармасының бас маманы Еркемұхамбетқалиев, Орал қалалық әйелдерге арналған әлеуметтік бейімделу және оңалту орталығының директоры Ганди Шамкелова, «Жайық үні» қалалық апталық қоғамдық-саяси газетінің тілшісі Ләззат Қажымова, «Дана.kaz» журналының бас редакторы Қазыбек Қабжанов, Орал қаласының білім беру бөлімінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің әдіскері Нәкірова Жеңісгүл барлық туындыларды қарап, «Үздік шығарманы» анықтап, әділ бағасын берді.

Қорытынды нәтиже 27 қыркүйек күні Островский атындағы драма театрда өткен «Бозбала мен Бойжеткен» облыстық байқауында жарияланып, 02104-топ студенті Жарасова Гүлайна, 02105-топ студенті Асқар Аслан, 02106-топ студенттері Қалдыбай Нұрсұлтан мен Сайлаубаева Гаухар алғыс хатпен марапатталса, 02305-топ студенті, тілшіміз Ерсайынова Гүлфани II орынды иеленді. Гүлфаниді жетістігімен құттықтай отырып, қаламың мұқалмасын дейміз.

2013 жылдың 13-қыркүйегінде Батыс Қазақстан облысының тіл басқармасының ұйымдастыруымен тіл айлығы аясында орыс ұлт өкілдері арасында «Тіл – халық жанын танудың кілті» байқауы ұйымдастырылды.

Байқауда мемлекеттік тілді меңгерген, 14-22 жас аралығындағы мектеп оқушылары мен студенттер бақ сынады. Қатысушылардан жан-жақты дайындықты талап еткен байқау 3 кезеңнен (жазбаша жұмыс жазу, монолог құрастыру, қазақ тілінің грамматикасы мен лексикасына арналған тест тапсырмаларын орындау, кез-келген жанрдағы мәтінді мәнерлеп оқу) тұрды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің намысын қорғап, сайысқа қатысқан орыс тілі мен әдебиеті мамандығының I курс студенті Юлия Шабанова байқау қорытындысы бойынша II орынға қол жеткізсе, дизайн мамандығының I курс студенті Оксана Ферантонова алғыс хатқа ие болды.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Западно-Казахстанский государственный университет им. Махамбета Утемисова приглашает юношей и девушек в возрасте от 18 до 28 лет, имеющих или желающих открыть свой бизнес, на бесплатные курсы по программе «Школа молодого предпринимателя».

По окончании курсов слушателям будут вручены сертификаты.

По всем вопросам обращаться по адресу: ЗКГУ им. М.Утемисова, факультет Экономики и управления, ул. Достык, 218/2, каб. 205; тел.: 53-58-46.

Байқауда облысымыздың түкпір-түкпірінен жиналған 18-30 жас аралығындағы мектеп оқушылары, студенттер мен ағылшын пәні мұғалімдері бақ сынады. Байқаудың алға қойған мақсаты – үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын) еркін меңгерген жастарды анықтау, оларды марапаттау, қазіргі қоғамда бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу. Сайыс 3 тілде жүргізіліп, қатысушылар 4 кезең (презентация ұйымдастыру, пресс-конференция ұйымдастыру, шығармашылық жұмыс жазу, мәтінге ілеспе аударма жасау) бойынша бақтарын сынады.

Әр кезең сайын қатысушылардың арасынан үздіктер анықталып, келесі кезеңге іріктеуден өткендер жіберіліп отырды. Байқау барысында үміткерлердің дайындығы өте жоғары екені байқалып тұрды, бірақ солардың арасынан оза шауып бәйге алған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері болды. Байқауда бақ сынап, мыңнан тұлпар, жүзден жүйрік екендерін танытқан филология факультетінің II курс студенті Қапезова Дина сайыс қорытындысы бойынша бас жүлде иегері атанып, республикалық кезеңге жолдама алды. Филология факультетінің II курс студенті Нұрқашева Фариза II орынға, тарих және құқық факультетінің II курс студенті Тудакова Виктория III орынға, филология факультетінің магистранты Килишева Нұргүл III орынға ие болды.

Анель Таскалиева,
филология: қазақ тілі мамандығының
3-курс студенті

Жарайсыңдар, қыздар!

Қазақстан халқының тілдері мерекесі қарсаңында Батыс Қазақстан облыстық тілдерді дамыту басқармасы мен «Батыс Қазақстан облысының жас ғалымдар кеңесі» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен 17-қыркүйек күні Батыс Қазақстан гуманитарлық академиясының мәжіліс залында «Тілдарын-2013» байқауы өткізілді.



Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз!

Мүмкіндігі шектеулі жандардың дарынын ұштап, таланты мен талабын ашатын «Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз!» атты алғаш рет ұйымдастырылып отырған республикалық конкурстың облыстық кезеңі 2013 жылдың он екінші қыркүйегінде Орал қаласында өткізілген болатын. Осы байқауға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің дизайн мамандығының 5-курс студенті Галиева Мейрамгүл қатысып, «Үздік студент» номинациясы бойынша бағын сынады. Сайыс қорытындысы бойынша Мейрамгүл үздік деп танылып, бас жүлдеге қол жеткізді және Астана қаласында өтетін республикалық сайысқа жолдама алды.

ШЫН ЖҮРЕКТЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!
Бүгінгі таңда мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамнан, өмірден сырт қалмаулары үшін барлық жағдайлар жасалуда. Олар да өздерінің қолдарынан көп іс келетіндерін көрсетумен қатар, қоғамға пайдасын тигізе алатындарын дәлелдеуде. Бұл байқау да – соның айқын дәлелі.

Республикалық кезеңге жолдама алған Мейрамгүлге шығармашылық табыс және жеңіс тілейміз!



Біздің «Бозбала мен Бойжеткендер» ерледі

Ағымдағы жылдың 27-ші қыркүйегінде облыстық А.Н.Островский атындағы драма театрының өнер сахнасында «БҚО жастар саясат мәселелері басқармасы» және облыстық жастар қауымдастығының ұйымдастыруымен облысымызда тұңғыш рет «Бозбала мен Бойжеткен» атты студенттер байқауы оздырылды.

Байқауда біздің білім ордамыз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің намысын қорғап, жалпы саны 4 жұп сынға түсті. Олар: Оралхан Қажыкенов және оның байқаудағы жұбы Айдана Татаханова, Әділет Ғабдрешов пен Мария Қабрешова, Дархан Қабилов пен Назима Оразғалиева және байқауда 14-кезекте өнер көрсеткен Жарқынбек Шынтаев пен Самал Ахметқалиева. 4 кезеңді қамтыған бұл байқауда облысымыз бойынша біздің жоғарғы оқу орнынан да өзге Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі, Батыс Қазақстан инженерлік-техникалық университеті, сондай-ақ Тайпақ аудандық колледжі мен Бөрлі аудандық колледжінің өнерлі студенттерінен құралған 10 жұп бақ сынасты. Таныстыру, «Нұрлы талант»

«Ел мақтаған жігітті қыз жақтар», «Өсемдік қызға жарасады» деген кезеңдерден тұрған байқауда біздің студенттеріміз үздік өнер көрсетті. Байқау нәтижесінде «Талантты жұп» номинациясына лайық деп танылған біздің Жарқынбек Шынтаев пен Самал Ахметқалиева 2-ші орынға қол жеткізсе, «Ең көрікті жұп» номинациясының иегерлері атанған Оралхан Қажыкенов пен Айдана Татаханова Гран-Приді иеленді. Еңбек бағаланды! Өнерлілер мойындалды! Құттықтаймыз!

Әйгерім ҚАУЕН,
3-курс студенті



ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

М.Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Индекс 090006. Таралымы 2000

РЕДАКТОР:

Марта Орынбасаровна ДЖУМАГАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР:

Гүлфани ЕРСАЙЫНОВА, Әйгерім ҚАУЕН

КОРРЕКТОР:

Светлана БЕККУЖИЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ,
Оқу теледидары және
графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.
«Полиграфсервис» ЖШС баспаханасында басылды.